

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 17 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жариялады. Бұл Жолдаудың бұрынғылардан мәні де, маңызы да айрықша болды. Онда жаңа Қазақстан құрудың және жаңару мен жаңғырудың басым бағыттары нақты айтылды.

Президент Жолдауда еліміздің саяси жүйесін кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынды. Соған сәйкес көптеген маңызды саяси реформалар мен тың бастамалар туралы сөз болды, соның ішінде Парламенттің рөлін күшейту керектігі айтылды.

Мұндай қадам жаңару мен жаңғыру жолында Парламентке үлкен міндет пен жауапкершілік жүктейді. Соған байланысты Мемлекет басшысы Сенат пен Мәжілістің жұмысы мен құрылымына қатысты реформаларға тоқталды. Енді Сенаттағы президенттік квотаның саны 15-тен 10-ға дейін қысқарады. Біз үшін өңірлердің мүддесі ең басты басымдықтардың бірі болып қала береді.

Президенттің шешімімен өңірлердің саны көбейетін болды, яғни біздің жұмысымыздың аясы кеңейеді. Сондықтан алдағы уақытта осы бағыттағы мақсат-міндетіміз бұрынғыдан да арта түседі. Шын мәнінде Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарының құрылуы біздің ұлт ретінде өсуіміздің жарқын көрінісі.

Сонымен бірге Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы Мәжілістен Сенатқа беріледі. Бұл шешім қоғамдық келісім мен ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан біздің әлеуетімізді арттыратыны сөзсіз.

Президент заңдардың қабылдану тәртібіне қатысты да тың нормалар ұсынды. Олар еліміздің қазіргі дамуындағы үрдістер мен талаптарға толығымен сай келеді. Мұның бәрі – ең жоғарғы өкілді орган жұмысының тиімділігін арттыру үшін жасалып отырған қадамдар. Осылайша Мемлекет басшысы Парламенттің, оның ішінде Сенаттың жұмысына қатысты қоғамдағы түрлі пікірталасқа біржола нүкте қойды.

Парламенттің республикалық бюджеттің сапалы орындалуына бақылауды күшейту мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Мемлекет басшысы осы орайда Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құру мәселесін көтерді.

Сонымен қатар Жолдауда саяси бәсекелестікті және партиялық жүйені дамыту шаралары туралы айтылды.

Сайлау жүйесін жетілдіруге қатысты да нақты ұсыныстар сөз болды.

Жергілікті атқарушы және өкілетті билік органдарының жұмысын жандандыратын басымдықтардың да маңызы зор.

Президент мәслихаттардың рөлін арттыру, олардың дербестігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды бастамаларды жариялады. Бұл азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайтатыны анық.

Мемлекет басшысы әділетті және құқықтық мемлекет қалыптастыру жолында Конституциялық сот құруды ұсынды.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен азаматтық қоғам институттарының жұмысын жаңғырту ісіне де көңіл бөлінді.

Жолдауда дағдарысқа қарсы шараларды әрі қарай белсенді түрде жалғастыру бойынша да нақты тапсырмалар берілді. Осы ретте көтерілген мәселелер қоғамның қажеттілігі мен сұранысына негізделгенін ерекше атап өткен жөн. Бұған дейін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында саяси реформалардың төрт топтамасы жүзеге асырылды.

Жаңа Жолдаудағы тың бастамалар солардың лайықты жалғасы. Бұл бастамалар еліміздің саяси және әкімшілік-аумақтық және әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беретіні сөзсіз. Әрине, оның бәрін сапалы әрі нәтижелі іске асыру үшін заңнамалық тетіктер керек. Сондықтан Президент Жолдауда айтылған басымдықтарды орындау үшін Конституцияның 30-дан астам бабына өзгеріс енгізу қажеттігін айтты. Одан бөлек, осы жылдың соңына дейін 20-дан астам заң қабылдау керек, яғни біздің алдымызда үлкен мақсаттар бар. Сол себепті алдағы уақытта жүйелі әрі кешенді жұмыс жүргізуіміз қажет.

Заңдарды қабылдау барысында халықтың, азаматтық қоғам өкілдерінің, сарапшылардың пікірлерін ескеру аса маңызды.

Президенттің бастамаларын заңнамалық тұрғыдан қолдау – біздің басты міндетіміз. Сол себепті қазір нағыз «бел буып, білек түріп» жұмыс істейтін кезең. Халықтың бізден күтетіні де, талап ететіні де сол.

Құрметті әріптестер, сондықтан Президенттің бастамаларын іске асыру жолында белсенділік танытып, алға қойған мақсаттардың табысты орындалуы үшін бәріміз бірге аянбай еңбек етейік.

Құрметті депутаттар! Жұмысымызды жалғастырайық. Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Дербес деректер алмасу саласындағы әкімшілік мәселелер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Дербес деректермен алмасу саласындағы әкімшілік мәселелер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Бұл келісім Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің уәкілетті органдары арасында жасалды. Келісім ақпарат алмасудың құқықтық негізін анықтайды.

Келісімге 2020 жылы 18 желтоқсанда Мемлекет басшылары кеңесінің отырысында қол қойылды.

Келісімді ратификациялау достастық елдерінен:

азаматтықтың болуы (болмауы);

жеке басты куәландыратын құжаттар;

көші-қон есебінде тұрған адамдар;

шетелдіктерге осы елдерге келуге және онда болуға берілген визалар;

жылжымайтын мүлік, не мүліктік сипаттағы міндеттемелер;

қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартылғаны туралы мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.

Аталған құжат қос азаматтықты болдырмауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа келісім бойынша қосымша мынадай ақпараттар алуға болады:

басқа елден алынған жеке басын куәландыратын құжаттарды жоғалтқан кезде адамның жеке басын растауға;

азаматтың шетелде тұратын жерін анықтауға мүмкіндік бар.

Сонымен қатар әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін адамдарды жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер құқықтық көмек көрсету шеңберінде пайдаланылуы мүмкін.

Бұл ақпараттарды уәкілетті органдар сұрау салулар арқылы ала алады. Жауап мерзімі 2 айдан аспауы тиіс.

Бұл ретте келісімде азаматтардың жеке басы туралы мәліметтердің құпиялылығы, ол мәліметтерді пайдаланудағы шектеулер, сондай-ақ сұрау салуды қанағаттандырмайтын жайттар нақты жазылған.

Құрметті депутаттар! Келісімді ратификациялау достастық елдеріндегі құзыретті органдардың өзара іс-қимыл тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Заң жобасы еліміздің барлық мүдделі мемлекеттік органдарымен келісілді. Оны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді. Қосымша қаржылық шығындарды қажет етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Мои вопросы адресованы Министерству внутренних дел и Министерству цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

Практически каждая страна Содружества Независимых Государств имеет национальное законодательство, регламентирующее защиту персональных данных своих граждан. При этом государство закрепляет за собой право сбора и обработки персональных данных, а также использования их в национальных интересах, в том числе и в вопросах обеспечения общественной безопасности и борьбы с преступностью.

Вместе с тем согласно заключению научно-правовой экспертизы Казахского национального университета имени аль-Фараби в соглашении не учтен механизм защиты информационных систем, по которым осуществляется передача персональных данных.

В связи с этим вопросы.

1. Каким образом будет осуществляться защита персональных данных при использовании современных электронных информационных систем?

2. Как вам известно, с 1981 года действует Конвенция о защите физических лиц при автоматизированной обработке персональных данных, которую ратифицировали 55 государств, в том числе Российская Федерация, Азербайджан и Армения. В этой связи планируется ли присоединение к данной конвенции? Спасибо.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Спасибо за вопросы.

В соглашении указано, что запросы и ответы будем направлять в письменной форме. Они будут подписываться и удостоверяются официальной печатью. То есть пока речи не идет об использовании электронных информационных систем обмена информацией. Прежде всего это связано с тем, что, в отличие от Казахстана, где электронный документооборот – это обыденное дело, не во всех странах-партнерах есть развитые системы информационного документооборота, которые могли бы это позволить.

В целом Ваш вопрос актуален. В дальнейшем по мере развития у наших партнеров этих систем, возможно, это будет, но на сегодня такой базы нет. И для того

чтобы ее создать, нужно создать безопасную транспортную среду, безопасную базу хранения на безопасной платформе. Поэтому пока в письменной форме.

По конвенции. Я знаю, что Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности вопрос присоединения к конвенции 1981 года рассматривается. Этот вопрос изучается. Я думаю, что более подробно может ответить представитель Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

ТӨРАҒА. Тұрысов Әсет Нұрланұлы, жауап беріңіз.

ТҰРЫСОВ Ә.Н. Спасибо за вопросы.

По первому вопросу хотел бы поддержать коллегу. Действительно, в соответствии с соглашением обмен информацией будет только в письменной форме, по информационной системе это не предусматривается. Тем не менее у Казахстана есть национальный шлюз информационной системы, где с некоторыми странами мы осуществляем электронный межгосударственный обмен. Поэтому с нашей стороны готовность есть, если другие партнеры смогут создать свои системы и захотят обмениваться. Там информационная безопасность учтена и предусмотрена в соответствии с законодательством.

Что касается конвенции. Да, эта работа ведется, мы рассматриваем порядок подключения, подсоединения к этой конвенции. Преимущество этой конвенции в том, что операторы этих 55 стран, которые подключены туда, будут охранять, обрабатывать персональные данные наших граждан в соответствии с конвенцией, будут соблюдены все вопросы информационной безопасности и безопасности персональных данных. Я думаю, как только мы работу проведем, в дальнейшем будем подавать заявку на подключение к конвенции. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Марат Шәдетханұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасында дербес деректер алмасу саласындағы әкімшілік мәселелер бойынша құқықтық ынтымақтастықты жетілдіруге бағытталған.

Келісімде достастық елдерінің құзыретті органдары арасында тікелей өзара дербес деректер алмасу, яғни азаматтарға қатысты ақпарат сұрату, мәліметтерді беру, ақпараттардың құпиялылығы мен оны пайдаланудағы шектеулер, мәліметтерді

ұсынудан бас тарту сынды ережелер айқындалған. Сонымен қатар азаматтардың басқа елде алған құжаттары жоғалған жағдайда жеке басын растау мен шетелде тұратын жерін анықтау негіздері қамтылған.

Егер тараптар арасында сұрау салған ақпарат тараптардың егемендігіне, қауіпсіздігіне, азаматтарының нәсілі, жынысы, этникалық шығу тегі мен наным-сенімдері бойынша қудалау мақсатында болса немесе келісімнің шарттарына сәйкес келмесе құқықтық көмектен бас тартылуы мүмкін.

Сондай-ақ келісімді қабылдау қос азаматтық фактілерін жедел түрде анықтап, оған жол бермеуге және заңсыз көші-қонға қарсы ымырасыз күрес жүргізуге бағытталған.

Келісімге сәйкес тараптар арасында сұрау салынған ақпараттар үшінші мемлекеттер мен ұйымдарға берілмейді және жеке тұлға туралы ақпаратты кездейсоқ қол жеткізуден, оны жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, беруден, таратудан, сондай-ақ осындай ақпаратқа қатысты өзге де құқыққа сыйымсыз әрекеттерден қорғауды тараптар қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда келісімнің ережелері халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарына сәйкес және қолданыстағы ұлттық заңнамаға қайшы келмейді.

Заң жобасы жұмыс тобы мен бас комитеттің отырыстарында жан-жақты талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Рысқали Қалиакбарұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Проект Закона «О ратификации Соглашения о взаимной правовой помощи по административным вопросам в сфере обмена персональными данными» направлен на создание правовой основы для обмена информацией в области персональных данных между уполномоченными органами стран Содружества Независимых Государств. Соглашение позволит запрашивать, обмениваться персональными данными о субъекте через уполномоченные органы стран-участников.

Вместе с тем в рамках соглашения предусматривается возможность принятия документа без легализации или иной формы заверения. Безусловно, данная норма и соглашение в целом способствуют эффективному сотрудничеству стран Содружества Независимых Государств по обмену информацией в области персональных данных.

На основании изложенного предлагаю поддержать принятие данного законопроекта.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Дербес деректер алмасу саласындағы әкімшілік мәселелер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Келісім ТМД шеңберінде дербес деректер алмасу саласындағы әкімшілік мәселелер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету үшін заңнамалық негіз қалыптастырады. Бұл ретте өзара құқықтық көмек көрсету алдымен әр тараптың ұлттық заңнамасына, содан кейін осы келісімнің ережелеріне сәйкес іске асырылатынын атап өткен жөн. Алдағы уақытта бұл заң ТМД елдерінің арасындағы құқық саласындағы ынтымақтастықты одан әрі арттыруға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Осы депутаттық сауалға Қызылорда облысы Шиелі ауданында орналасқан «Казатомпром» компаниясына қарасты «РУ-6» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жұмыс жасайтын 2 мыңға жуық жұмыскердің өтініш хаты негіз болды.

2009 жылдан бері Қазақстан уран өндіруден әлемде бірінші орында тұр, қазіргі уақытта да еліміз өз көшбасшылығын сақтап келеді. 2018 жылғы 29 маусымда «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі қолданысқа енген болатын. Бұл кодексте алғаш рет уран өндіруге қатысты жеке тарау қарастырылған. Кодекс нормаларын тәжірибеде қолдану барысында осы кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған келісімшарттардың қолданылу мерзімін ұзарту сияқты мәселеде олқылықтың бар екені анықталды. Заңнамадағы бұл олқылық бүгінде Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын (Қызылорда облысы), Қанжуған және Мыңқұдық Шығыс алаңы (Түркістан облысы) уран кеніштеріндегі өндірістің тоқтап қалу қаупін туғызуда. Бұл өз кезегінде өңірлердегі әлеуметтік шиеленіске, бюджетке түсетін салық және басқа да аударымдар мен төлемдердің, сонымен қатар жыл сайын аймақтың әлеуметтік дамуына аударылатын қаражаттың тоқтауына, ең бастысы жұмыс

орындарының жабылып қалуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Атап айтсақ, осы екі облыста жұмыс жасап жатқан кен орындарында 3 мың 8 жүзге жуық жұмысшы мен қызметкер қызмет жасайды. Осы жер қойнауын пайдаланушылар жыл сайын екі облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға 400 миллионға жуық қаржы бөледі. Бұдан бөлек жыл сайынғы салық шегерімдері мен бюджетке төленетін басқа да төлемдер 14 миллиард теңгені құрайды. Сонымен қатар жер қойнауын пайдаланушылар жыл сайын қазақстандық мамандарды оқыту, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды дамыту шеңберінде келісімшарттық міндеттемелерді орындауда.

Өңірлерде белгілі бір әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін жоғарыда аталған уран кеніштерінің қызмет ету мерзімін ұзарту мақсатында ағымдағы жылдың қараша айының соңына дейін «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, атап айтқанда, өтпелі ережелер тарауына осы кодекс күшіне енгенге дейін жасалған уранды өндіруге арналған келісімшарттардың қолданылу мерзімін ұзарту мүмкіндігін беретін өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Осыған орай Қазақстан Республикасының заңнамаларын реттеу туралы мәселені қарастыруыңызды және қарапайым жұмыскерлердің жұмыс орнын сақтап қалуына барынша ықпал жасауыңызды сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Жүсіп, Құртаев, Әлназарова, Бақтиярұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, құрметті Төраға.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында өнеркәсіп өндірісінің 40 пайызға жуығы 27 моноқалада екенін атап өтті. Қазіргі кезде моноқалаларда 1 миллион 500 мың қазақстандық тұрады. Сондықтан моноқалаларды өркендету, олардың ортақ проблемаларын шешу жөнінде сындарлы әрі нақты шешімдер қажет.

Бүгінгі таңда Атырау облысындағы Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласының проблемалары шаш етектен болып отыр. Еліміздегі 27 моноқаланың бірі болып отырған Құлсары қаласында шешімін талап ететін бірқатар жағдайлар бар. Атап айтар болсақ, Құлсарыдағы инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайы көңіл көншітпей отыр. Ондағы су құбыры, кәріз, жылу және электр желілерінің әбден тозығы жеткен, салынғаннан бері күрделі жөндеу көрмеген, тек апаттық жағдайда жұмыс істеп тұр. Демек осы аталған әрбір сала күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу

үшін қаржы бөлуді талап етеді. Солардың ішінде ең бастысы қаладағы ауызсу мәселесі болып отыр. Бүгінгі таңда жаз мезгілінде «ҚазТрансОйл» АҚ арқылы берілетін су көлемі 8000 текше метр, ал аудан тұрғындарына жаз мезгілінде қажетті ауызсу көлемі 15000 текше метрге дейін жетеді. Қала тұрғындарын алдағы 2 жылдықта сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін Құлсары қаласына қосымша ауызсу және сарқынды су желілерін және нысандарын салу қажет. Ол үшін Көкжиде су асты қорынан су құбырын тарту жұмысын бастау қажет.

Құлсары қаласының автокөлік жолдарына қайта жаңғырту жұмыстарын қарқынды жүргізу керек. Қазіргі кезде автомобиль жолы мәселесі тұрғындар арасында жиі көтеріліп отыр. Бүгінгі таңда қаладағы 416 шақырым көшенің тек қана 52,6 пайызы автомобиль жолымен қамтамасыз етілген. Жолдың қалған бөлігі асфальт төсеуді, өркениетті жол салуды талап етеді.

Құлсары қаласында 231 көп қабатты үй бар, олардың басы өткен ғасырдың 50-60 жылдары салынған. 2021 жылғы бюджетке бірлескен түсімдер бойынша ақпаратқа сәйкес Жылыой ауданы және ауданда өндірісі орналасқан ТШО-дан түскен мемлекеттік бюджет және Ұлттық қорға түсім 1,7 триллионнан асады. Бұл қаржының бір бөлігін жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру және моноқалаларды дамыту мақсатында сол жергілікті жердегі өзекті проблемаларды шешуге арнаған жөн деп ойлаймыз және әлеуметпен кездесу кезіндегі халықтың ойы да осы.

Осыған орай шешуін қажет етіп отырған және менің осы депутаттық сауалыма негіз болған мәселе – Атырау облысы Жылыой ауданының ерекше күтімді қажет ететін жүздеген балалардың отбасыларынан және аудандық мәслихаттан келген өтініш. Өйткені жоғарыда атап өткенімдей, Құлсары қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап қазіргі заманауи талаптарға сай құрал-жабдықтармен қамтылған, мамандармен толықтырылған оңалту орталығын салу қажет болып отыр.

Бүгінгі күні ресми есеп бойынша Атырау облысындағы туғанынан мүгедек 2243 баланың 432-і осы Жылыой ауданында тұрады. Сонымен қатар шекаралас Қызылқоға мен Мақат аудандарындағы 274 бала да моральды қолдау мен материалды шығынды талап ететін ем қабылдауды қажет етеді. Облыста мүмкіндігі шектеулі осындай балаларды емдейтін арнайы мамандар жетіспейді. Сондықтан ата-аналар бірлесіп қаржы жинап, ірі қалалардағы оңалту орталықтарынан логопед, дефектолог, емдік денешынықтыру (ЛФК) мамандарын шақырып, емдік шараларды ұйымдастыруға мәжбүр болып отыр.

Осы жағдайларды ескере отырып, Атырау облысы Құлсары қаласында мүгедек балаларға арналған оңалту орталығын салдыруды сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Дүйсембаев, Лұқпанов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады.

«Уважаемый Алихан Асханович! Поводом депутатского запроса является вопрос применения аутсорсинга в Вооруженных Силах, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан.

Необходимо отметить, что применение аутсорсинга в силовых органах несет в себе ряд серьезных рисков, которые наиболее отчетливо проявились в дни январских событий, когда отмечались факты нарушения бесперебойного обеспечения войск в условиях чрезвычайного положения. К примеру, единый оператор по поставке нефтепродуктов (ТОО «КазМунайГаз-Аэро») в указанный период не смог обеспечить в аэропортах страны, в том числе в столице, авиацию силовых органов противокристаллизационной жидкостью, предназначенной для уменьшения вероятности обмерзания при низких температурах. Предприятие не имеет собственных автозаправочных станций и мест хранения топлива типа «нефтебаз», в силу чего имелись случаи нарушения договорных обязательств, а заключенные договоры оказались неэффективными из-за завышенной ценовой политики и действия топливных карт, срок действия которых ежегодно ограничен 30 ноября.

Из-за некачественного продовольственного обеспечения в период чрезвычайного положения были зафиксированы факты массового кишечного отравления военнослужащих в столице, когда более 50 военнослужащих, отвечавших за обеспечение общественного порядка, оказались на больничных койках по вине подрядчика, у которого закупили услуги по организации питания.

Подобные случаи, к сожалению, неединичные и наглядно показывают, что коммерческие структуры заинтересованы прежде всего в извлечении прибыли и снижении затрат, что негативно отражается на уровне боевой готовности войск. В отдельных случаях это приводит к вынужденному возврату к прежней схеме обеспечения. Так, в прошлом году Министерством обороны в связи с многочисленными проблемами с качеством предоставления услуг ТОО «Әскери құрылыс Астана» принято решение по возвращению исполняемых им функций в районные эксплуатационные части гарнизонов.

Интересной в подобной ситуации является практика применения аутсорсинга в вооруженных силах Турции, где привлекаются к выполнению невоенных функций те военнослужащие, которые по той или иной причине негодны к строевой службе. Для этого в военном ведомстве осуществляется их подготовка по гражданским специальностям на курсах от трех до шести месяцев. После получения специальности они направляются в структуры обеспечения армии как военнослужащие по призыву.

В ряде стран возвращают переданные в аутсорсинг функции. Например, в США восстанавливают собственные структурные подразделения по выполнению функций министерства обороны, которые ранее были переданы в конкурентную среду. В вооруженных силах Китая вопросы транспортировки, заготовки продовольствия отданы частным гражданским компаниям лишь частично. При этом вопросы передачи

в аутсорсинг различных элементов тыловой поддержки рассматривает специальная структура.

С учетом вышеизложенного просим:

провести комплексный анализ нынешней системы аутсорсинга не только с точки зрения финансово-экономической выгоды, но и эффективности выполнения задач по обеспечению национальной безопасности;

рассмотреть введение смешанного принципа материально-технического обеспечения силовых органов, в котором аутсорсинг сохранить в формированиях, деятельность которых не связана с поддержанием постоянной боевой готовности. В остальных случаях предпочтительным видится осуществление функций, ранее переданных в аутсорсинг, за счет восстановления их собственных подразделений.

Просим дать письменный ответ в установленные законом сроки.

Депутаты Кул-Мухаммед, Бактиярулы, Ершов, Кожамжаров, Мусабаев, Нуржигитова и Нурсипатов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Асханұлы Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Біздің депутаттық сауалымызға себеп болған мәселе еліміздің жолдарындағы апат салдарынан адамдардың жарақаттануы мен қаза табуына байланысты орын алған күрделі жағдайлар. Тек 2022 жылдың қаңтар айында жолдарда қаза болғандардың саны 166 адамды құрап, өткен жылға қарағанда 54 пайызға өсті.

2021 жылы зардап шеккендердің жалпы саны 40 мың 593 адамды құрады, бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 30 пайызға артық.

Әлемдік рейтингте жол-көлік оқиғаларындағы өлім-жітім бойынша Қазақстан 107-ші орында тұр. Халықаралық сарапшылар жол-көлік оқиғаларынан болатын еліміздің экономикалық шығындары жалпы ішкі өнімнің 3 пайызы көлемінде деп бағалаған. Соңғы 5 жылда 1 мың 971 адам жол апаты себебінен мүгедектікке тап болды.

Қаза болғандардың 41 пайызы, яғни 920 адам республикалық маңызы бар жолдарға тиесілі. Жолдардың тек оннан бір бөлігі әр бағытта екі немесе одан да көп қозғалыс жолақтарына және бөлу қоршауларына ие. Ал 70 мың километр жергілікті автомобиль жолдарының 40 пайызы асфальтталмаған.

Жалпы ел бойынша 319 апатты-қауіпті жол бөлігі анықталды. Мұндай жол бөлігінің басым бөлігі Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарына тиесілі. Осы үш облысқа барлық жол-көлік оқиғаларының 30 пайызы және бүкіл ел бойынша қаза болғандар санының 44 пайызы тиесілі.

Бұл жағдайдың ықтималды себептері төмендегідей. Мәселен, 2019 жылдан бастап Ішкі істер министрлігінің құзыретінен жүргізуші куәліктерін алуға емтихандарды өткізу бойынша функциялар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына берілді. Осы кезең ішіндегі берілген жүргізуші куәліктер саны 2019 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге өскен. Сондай-ақ 2016 жылдан бастап Қазақстанда жүргізуші куәлігін алуға өз бетінше дайындықтан кейін емтихандарға жіберу мүмкіндігі іске асырылды.

Қазіргі уақытта елімізде жүргізушілерді даярлау бойынша 705 оқу ұйымы жұмыс жасайды. Бақылау функциялары ішкі істер органдарының құзыретінен шығарылған сәттен бастап олардың барлығы мемлекет тарапынан бақылаусыз қалып, өзін-өзі реттеуге көшті. Сонымен қатар автоматтандырылған автодромдардың қолжетімділігінің төмендігі, үлкен кезектілік, жиі істен шығуы жүргізуші куәлігін алудың заңсыз жолдарын іздестіру себептерінің бірі болып табылады.

Еліміздің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің ақпараты бойынша 2020 жылдың басынан бастап қазіргі уақытқа дейін жүргізуші куәлігін заңсыз алу фактілеріне қатысты 8 сотқа дейінгі тергеу ісі басталып, осындай жолмен жүргізуші куәлігін мыңнан астам адам алды деген болжам бар.

Еліміздің жолдарындағы жол-көлік оқиғаларында өлім-жітімнің жоғары болуы жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккендердің аман қалу деңгейінің төмендігіне де байланысты. Жолдарда қаза болғандардың жалпы санының 96,8 пайызы жедел медициналық көмек бригадасы келгенге дейін қайтыс болады.

Жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің алғашқы көмек көрсетудегі практикалық дағдыларының, жүргізушілер мен халықтың өзара көмегінің жеткіліксіздігі адам өмірін сақтап қалу уақытының жоғалуына және адам шығынына әкеліп отыр. Осы орайда көліктегі көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишаларын сапалы толтыру мәселесі де назар аударуды талап етеді. 2014 жылдан бастап қобдишалардағы дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесі қайта қаралған жоқ.

Тағы бір мәселе, 2011 жылдан бастап 2014 жылға дейінгі кезеңде республикалық маңызы бар жолдардың неғұрлым авариялық-қауіпті учаскелерінде 40 трассалық медициналық-құтқару пункттері құрылды, алайда бұл жұмыс 2014 жылдан кейін жалғасын тапқан жоқ.

Келесі мәселе, 2021 жылы жануарлардың қатысуымен болған жол-көлік оқиғалары 46 пайызға өсіп, қаза тапқандардың саны 2 еседен аса өсті. 2021 жылы мал жаю ережелерін бұзғаны үшін 87 мыңнан астам құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған, алайда Ауыл шаруашылығы министрлігінің жедел деректері бойынша елімізде 432 мың тіркелмеген ауыл шаруашылығы жануары әлі де бар. Сонымен қатар 2022 жылдың 1 ақпанындағы жағдай бойынша жергілікті атқарушы органдарда 18 миллион дана пайдаланылмаған құлақ сырғалары әлі де жатыр. Бұл жергілікті жерлердегі әлсіз жұмыстың дәлелі болып табылады деп айтуға болады. Сондықтан мал айдауды және жануарлардың жолдарға шығуын қоршауды көздейтін жол инфрақұрылымын құру мәселелерін жедел қолға алу керек.

Қала сыртындағы трассалардағы жол қозғалысын қадағалауды жүзеге асыратын патрульдік полиция қызметкерлерінің штат саны толық жинақталмаған күйінде қалып отыр. Сондай-ақ автомобиль жолдарын күтіп ұстау, қысқы кезеңде тайғақтың алдын алу, қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету шаралары жеткіліксіз болып табылады.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Біз жоғарыда аталғандарды жедел қолға алмай және оларды шешпей адамдарды жоғалтуды тоқтата алмаймыз. Сол себепті депутаттық сауалдың толық нұсқасындағы ұсынымдарды қарастыруларыңызды сұраймыз.

Құрметпен, Әлеуметтік мәдени-даму және ғылым комитетінің мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлына беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Депутаттық сауалымды Премьер-Министрдің орынбасары Тоғжановқа жолдаймын.

«Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Кеше ғана Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстанның бүкіл саяси жүйесін жаңғыртатын парасатты да пайымды, терең ойлы Жолдауы жарияланды. Онда ұлттық құндылықтарға да ерекше назар аударылды. Мысалы, Ұлттық құрылтай құру идеясы соның айғағы болып табылады. Менің депутаттық сауалым да осы идеямен үндес екенін айта кеткім келеді.

Былтыр 30 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевтың бастамасымен Сенат қабырғасында «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өтті.

Аталған парламенттік тыңдауға еліміздің әлеуметтік-мәдени саласына жауапты сіз бастаған орталық және жергілікті атқарушы органдардан 300-ге жуық адам қатысты. Оның қорытындысы бойынша тиісті министрліктер мен әкімдіктерге ұсынымдар берілді.

Биылғы жылдың басында елімізде орын алған «Қасіретті қаңтар» оқиғасы аталған тақырыптың өзектілігін, идеология саласында түбегейлі өзгерістер қажет екенін ашып берді. Бұл оқиға халыққа да, билікке де үлкен сабақ болды. Шын мәнінде ұлттық құндылықтарға негізделген ұлттық идеология болмай қалыптасқан жағдайды шұғыл түзей алмаймыз.

Жалпы парламенттік тыңдаудың мазмұны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында айтылған ой-тұжырымдарымен үндес болғанын айта кеткім келеді. Бұл ретте ХХІ ғасырда рухы биік, әлем мәдениетімен бәсекеге түсе алатындай кемел ұрпақ өсіру, ең бастысы жастарды еңбекқорлыққа тәрбиелеу міндеті қойылған болатын.

Парламенттік тыңдауда Үкіметке ұсынылған төмендегі басты-басты мәселелер бойынша қандай шаралар қолданылғаны туралы нақты жауаптар беруіңізді сұраймын.

1. Бюджеттік қаржыландыру көздерін анықтап, «Бір ел – бір тарих» атты тарихи-хронологияға және шынайы деректерге сүйенген қазақ халқының академиялық үлгідегі «Қазақстан тарихы» көптомдық кітабын шығару мәселесін қарастыру ұсынылған болатын.

2. Шекаралық аймақтарды өркендету үшін ішкі көші-қон мәселесін реттейтін арнайы бағдарлама әзірлеу ұсынылған болатын.

Бүгінгі күні солтүстік шекаралық аймақтардағы көші-қон мәселесін шешудің қандай нақты жоспарлары жасалып, жүзеге асырылып жатыр, осы туралы да толық ақпарат күтеміз.

3. Интернет желілерінде және еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық руханиятқа жат, теріс құндылықтарды дәріптейтін ақпараттарға тұрақты түрде талдамалық шолу жасап, ұлттық баяндама әзірлеу сұралған болатын. Осы ұсыныстың орындалу жай-күйін білгіміз келеді.

4. Қазақ тілінің қоғамдағы рөлін күшейту және қолданыс аясын кеңейту мақсатында қандай нақты іс-шаралар жүзеге аспақ?

5. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесе отырып, интернеттегі адам санасын улайтын, зорлық-зомбылықты дәріптейтін ақпараттарға тосқауыл қоюдың озық технологиялары мен тетіктерін, сондай-ақ кибербуллингтен қорғауға қатысты мәселелерді зерделеу ұсынылған болатын.

Қазіргі әлемдік көзқарастар текетіресі кезінде бұл алаңдатушылық туғызып отыр. Осыған орай Үкімет қабылдаған жедел шаралар туралы толық ақпарат алғымыз келеді.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы, жақында Парламент Сенаты өткізген тыңдауға бір жыл толады. Аталған тыңдау нәтижесінде Үкіметке нақты отыз ұсыныс жіберілген болатын. Осы ретте біз депутаттық сауал жолдап отырған ең өзекті деген бес тармақ және қалған тармақтар бойынша халық та, біз де Үкіметтен зерделі жауап күтеміз.

Құрметпен, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті сенаторлар! Сіздер ертеңнен бастап өңірлерге барып, халықпен кездесіп, азаматтардың талап-тілектерін тыңдайсыздар. Сол кезде Жолдауда айтылған басымдықтардың және қабылданған заңдардың маңызын, олардың нақты пайдасын азаматтарға толыққанды жеткізесіздер деп ойлаймын.

Сапар барысында өңірлердегі өзекті мәселелерге баса мән беріп, елдің пікірі мен ұсыныстарына баса назар аударған абзал. Ең бастысы азаматтар өз сөздерінің билікке жетіп жатқанын, жаңа Жолдау соның жарқын көрінісі екенін сезінуі керек.

Алдағы сапарларыңызда сіздерге сәттілік тілеймін.

Құрметті әріптестер! Келе жатқан Наурыз мейрамы құтты болсын! Наурыз жылдың басы. Президенттің Жолдауын да жаңа Қазақстанның бастауы деп қабылдап жатырмыз. Барлығы құтты болсын, баянды болсын.

Баршаңызға мықты денсаулық, амандық тілеймін. Жұмыстарыңыз табысты болсын. Жыл жақсылығымен келсін!

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 17 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Дербес деректер алмасу саласындағы әкімшілік мәселелер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о взаимной правовой помощи по административным вопросам в сфере обмена персональными данными», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
М.Ш. ҚОЖАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Министра внутренних дел Республики Казахстан
КОЖАЕВА М.Ш. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БУЛАВКИНА О.А. 4

ТҰРЫСОВ Ә.Н. – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан 5

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам АБДИКЕРОВА Р.К. 5

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЛУКИН А.И. 6

Депутат М. БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БАҚТИЯРҰЛЫ М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 7

Депутат Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБАЕВА Г.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 8

Депутат Н.Н. НҰРСИПАТОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУРСИПАТОВА Н.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 9

Депутат А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЛЬНАЗАРОВОЙ А.Ш. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 11

Депутат Б.Т. ЖҰМАҒҰЛОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата ЖУМАГУЛОВА Б.Т. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. 13

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева